



Астана қаласы

маусым-шілде 2023 ж.

Баспасөз хабарламасы

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2023 жылғы 15 мамырдан 20 маусымға дейін қашықтық форматта және ZOOM интернет-платформасында онлайн-режимде «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен натуралистердің республикалық форумын өткізеді.

Форум экологиялық мәдениетті насихаттау, азаматтық сананы қалыптастыру, республика мектептеріндегі экологиялық қызметті жандандыру, жеке тұлғаны шығармашылық дамыту, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, қоғамдағы өмірге бейімделу, мазмұнды бос уақытты ұйымдастыру мақсатында өткізіледі.

Форумның міндеті қоршаған ортаға қатысты белсенді өмірлік ұстанымы бар экологиялық жауапты ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Өскелең ұрпақты табиғатты қорғау қызметіне тарту олардың кәсіби бағдары мен азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Форумға облыстық, қалалық кезеңдерінің 180 жеңімпаздары қатысады. Қашықтық режимде қатысушылар «Zhasyl EI» және «Қазақстанның флорасы мен фаунасының 3D атласы» зерттеу жобаларын қорғайтын болады. Оларға экология саласындағы нақты білімдерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы зерттеулері мен өнертабыстарын көрсетуге мүмкіндік беріледі.

Форумға ұсынылған «Экотеатр», «Еко-Volashak» бейнероликтері өз өңірлерінде абаттандыру, көгалдандыру, мектеп жанындағы учаскелердің, жылыжайлардың, мектеп орманшылықтарының және басқалардың жұмысы бойынша атқарылған экологиялық жұмыстар туралы баяндайды.

Сондай-ақ, форумға қатысушылар «Green OASES» экодизайнерлер конкурсы, «Туған өлкенің бояулары» электронды экологиялық ашықхаттар конкурсы номинациялары бойынша шығармашылық жұмыстарды ұсынады.

Форум аналитикалық ойлауды қалыптастыруға және дамытуға, өскелең ұрпақты зерттеу-практикалық қызметке белсенді қатысуға, табиғатты қорғау міндеттерін шешуге практикалық қатысуға тарту үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Форум экологиялық мәдениетті насихаттауға, азаматтық сананы қалыптастыруға, республикалық білім беру ұйымдарында экологиялық қызметті жандандыруға бағытталған.

Форум жеңімпаздары дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттар, ал барлық қатысушылар сертификаттар алады.

Қосымша ақпарат алу үшін телефондарға хабарласыңыз:8(7172) 64-75-89; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.